

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін

«Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті»

ШЖК РМК-н ректоры

Т. Балықбаев

10 2017 ж.



ЖАСТАР ИСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Е ҚАЗҰПУ 08-05

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	Е ҚазҰПУ 08-05	Бесінші	Бекбенбетова Қ.А. <i>Бекбенбетова</i>	Ибраимова М.Б. <i>Ибраимова</i> Кызайбек А.Б. <i>Кызайбек</i>	Ішпекбаев Ж.Е. <i>Ішпекбаев</i> Жанбаева Л.А. <i>Жанбаева</i>

Алматы, 2017

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні :14.10.2017 ж.	Басылым: бесінші
	Жастар ісі жөніндегі комитет туралы ереже	Е ҚазҰПУ 08-05	Бет 2-5

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жастар ісі жөніндегі комитеті (бұдан әрі ЖІК) мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы университеттің құрылымдық болімшесі болып табылады.

1.2. ЖІК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын дамыту тұжырымдамасын», Абай атындағы ҚазҰПУ тәрбие жұмысының тұжырымдамасын, Университет Жарлығын, Ішкі тәртіп ережелерін, өкімдерін, бұйрықтарын, нормативтік күжаттарын, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің студенттері мен магистранттарының (білім алушыларының) Этикалық Кодексін және аталмыш Ережені баспылыққа алады.

1.3. ЖІК тәрбие ісі жөніндегі проректорға бағынады.

2.КОМИТЕТ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Университетте жастар саясатын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

2.2. Комитеттің және оған қарасты болімшелердің жұмысын жоспарлайды және жоспардың орындалуын қадағалайды.

2.3. Жастармен жұмыс жасаудың озық тәжірибелерін зерттеп, жинақтап, таратады. Өз қызметін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін жетілдіреді.

2.4. Жастар саясатының негізгі бағыттарын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар береді.

2.5. Студенттердің нәсіліне, әлеуметтік, діни және тілдік ерекшеліктерінс қарамастан олардың тенденгін қамтамасыз етеді.

2.6. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің дамуына жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

2.7. Университеттің студенттік өзін-өзі басқару жұмысын үйлестіреді.

2.8. Белгіленген тәртіпке сәйкес басқа ЖОО-ның студенттік өзін-өзі басқару органдарымен, жастар үйымдары және құзырлы органдармен, сондай-ақ Жастар ісі жөніндегі комитеттерімен қарым-қатынас орнатады.

2.9. Университеттегі студенттік бірлестіктер, шыгармашылық клубтар, секциялар мен үйірмелердің жұмыстарын үйлестіреді.

2.10. ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауларының басым бағыттарын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

2.11. Мәдени-көпшілік, патриоттық тәрбие, құқық бұзушылықтардың алдын алу және экстремизммен күресу және оны болжырмау, салауатты омір салтын

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні :14.10.2017 ж.	Басылым: бесінші
	Жастар ісі жөніндегі комитет туралы ереже	E ҚазҰПУ 08-05	Бет 3-5

қалыптастыру, толеранттық тәрбие беру және ұлтаралық келісімді қалыптастыру жұмыстары бойынша түрлі іс-шаралар үйымдастырады.

2.12. Дарынды студенттерді анықтау мақсатында байқаулар мен сайыстар үйымдастырады.

3. КОМИТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

3.1. ЖІК жұмысын университет ректорының бұйрығымен тағайындалатын торага басқарады.

Торага:

3.1.1. Төраға Комитет алдына қойылған тапсырмалар мен қызметтік міндеттердің орындалуына жауапты.

3.1.2. Төраға орынбасарының міндеттерін бөліп, олардың жұмысын үйлестіреді.

3.1.3. Төраға университеттің Фылыми кеңесінің мүшесі бола алады;

3.2. Комитет штаттық жүктемеге сәйкес жасақталады: торага, төраға орынбасары, нұсқаушылар (оқу-тәрбие жұмысы, гылыми жұмыс, мәдени-көшпілік жұмыс, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары және т.б.).

3.3. Комитет нұсқаушылары қызметке ректор бұйрығы негізінде Тәрбие ісі жөніндегі проректордың және ЖІК торағасының ұсынысы бойынша қабылданады.

4. ЖАСТАР ИСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

4.1. Жастар ісі жөніндегі комитет құқылы:

- отырыстарда студенттік актив өкілдерінің есептерін тындауға;
- университет басшылығының алдында жастардың мұддесін қолдау үшін ұсынуға;
- университетті әр түрлі мекемелер мен үйымдарда таныстыруға;
- мемлекеттік жастар саясатын дамыту мәселелері бойынша отетін конференция, жиналыш және семинар жұмыстарына қатысуға;

- университет жастарының мұддесіне қатысты нормативтік актілерді өзірлеу мен жетілдіру жұмыстарына қатысуға;

- студенттерге қатысты әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге ұсыныстар жасауға;

- студенттердің бостандығы мен құқықтарын қорғауға;

- студенттердің университеттің Ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада түру ережелерін т.б. бұзу бойынша мәселелерді қарастыруға қатысуға, соңдай-ақ университет басшылығына тәртіп бұзған тұлғаларға қатысты әкімшілік шаралар қолдануға байланысты ұсыныстар беруге;

- университеттің қоғамдық өмірі мен Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысына белсене атсалысатын, сонымен қатар оқуда, гылымда және сабактаң тыс

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні :14.10.2017 ж.	Басылым: бесінші
	Жастар ісі жөніндегі комитет туралы ереже	Е ҚазҰПУ 08-05	Бет 4-5

жұмыстардағы жетістіктері үшін студенттерді марапаттау жүйесін әзірлең, жүзеге асыруға қатысуға;

- ЖІК жұмысына қажетті мәліметтерді университеттің құрылымдық бөлімшелерінен алуға;
- университеттің окудан тыс іс-шараларын жоспарлау, дайындау және откізуға тікелей қатысуға.

4.2. Жастар ісі жөніндегі комитет міндетті:

- университет ректорымен жүктелген міндеттерді, жарғылар мен бұйрықтарды орындауға;
- университет Жарғысының талаптарын, Ішкі тәртіп және жатақханада тұру ережелерін, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің студенттері мен магистранттарының Этикалық Кодексінің негізгі ережелерін орындау бойынша студенттермен жұмыс жүргізуғе;
- Жастар ісі жөніндегі комитетке келіп түсетін студенттердің барлық арызаталаптары мен өтініштерін дер кезінде қарастыруға;
- Комитеттің Ережесі мен оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізуғе;
- студенттердің әлеуметтік маңызы бар ұсыныстарын қолдауға;
- студенттердің әлеуметтік-тұрмысына және окуы мен демалысына қажетті жағдайларды жасауға ықпал етуге;
- университеттің Студенттік активтерінің жиналыстарын аптасына 1 рет немесе қажеттілігіне қарай өткізіп отыруға.

5. ЖАСТАР ИСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ҚАДАҒАЛАУ

5.1. ЖІК жұмысын қадағалау Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментімен жүзеге асырылады.

5.2. Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті кез келген уақытта ЖІК жұмысына тексеру жұмыстарын жүргізуғе және ЖІК-тің қызметіне қатысты барлық құжаттарына араласуға құқылы.

5.3. ЖІК және комитет мүшелері атқарған іс-шаралары туралы ауызша және жазбаша Тәрбие ісі жөніндегі проректор мен Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент директорына есеп берулері тиіс.

6. ЖАСТАР ИСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРИНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛГІ

6.1. Комитет мүшелеріне Жастар ісі жөніндегі комитет туралы Ережені сақтамағаны үшін әкімшілік шаралар қолданылады.



Абай атындағы ҚазҰПУ

Күні :14.10.2017 ж.

Басылым: бесінші

Жастар ісі жөніндегі комитет туралы ереже

Е ҚазҰПУ 08-05

Бет 5-5

7. ЖАСТАР ИСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

7.1. Университет ректоры кез келген уақытта Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын тоқтата алады немесе қайта құра алады.